

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

---

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен реттеу Комитетімен

2012 жылдың "27" маусымында

**келісілді**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен реттеу Комитетінің Төрағасы

"Қазақстан қор биржасы" АҚ  
Биржалық кеңесінің шешімімен

(2012 жылдың 29 наурызындағы  
№ 05 хаттамасы)

**бекітілді**

2012 жылдың 05 қарашасынан бастап

**қолданысқа енгізілді**

К.Б.ҚОЖАХМЕТОВ

"Орталық бағалы қағаздар  
депозитарийімен"

2012 жылдың "28" мамырында

**келісілді**

Президенті

Б.Х.ҚАПЫШЕВ

## Акцияларға жазылым жүргізудің ЕРЕЖЕЛЕРІ

---

Алматы қ.

2012

## ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

### 1. № 1 өзгертулер мен толықтырулар:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын өне қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылдың 02 қарашасында келісілді;
- "Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (сырттай дауыс беру арқылы 2012 жылдың 25 қазанында қабылданған, № 22 хаттама) бекітілді;
- 2012 жылдың 05 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

### 2. № 2 толықтыру:

- Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын өне қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетімен 2012 жылдың 23 қарашасында келісілді;
- Қазақстан қор биржасы" АҚ Биржалық кеңесінің шешімімен (сырттай дауыс беру арқылы 2012 жылдың 21 қарашасында қабылданған, № 26 хаттама);
- 2012 жылдың 26 қарашасынан бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Акцияларға жазылым жүргізудің ережелері (бұдан әрі – Ережелер), Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 08 қыркүйегіндегі № 1027 қаулысымен бекітілген, "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакетін шығару Бағдарламасына, Қазақстан Республикасының заңнамасы мен "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдын әрі – Биржа) ішкі құжаттарына сәйкес өзірленіп, Биржа арқылы акцияларға жазылымдың негізгі параметрлерін анықтайды.

## 1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

### 1 бап. Негізгі ұғымдар

1. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар келесіні білдіреді:
  - 1) **"сатып алушы"** – акциялардың сатып алушысы ретінде, соның ішінде өз клиенттері атынан, акцияларға жазылымға қатысатын, Биржаның қор нарығының мүшесі;
  - 2) **"сатушы"** – осы жазылымға акциялардың сатушысы ретінде, соның ішінде өз клиенттері атынан, қатысатын, Биржаның қор нарығының мүшесі (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 3) **"Жазылым" сауда-саттық жүйесі** – соның көмегімен акцияларға жазылым жүргізілетін, Биржаның сауда-саттық жүйесінің арнайы нұсқасы;
  - 4) **"қабылданған өтінімдердің тізілімі"** – акцияларға жазылым барысында сатып алушылардан Биржа қабылдаған, өтінімдер тізімі;
  - 5) **"қанағаттандырылған өтінімдер"** – қанағаттандыруға жататын, акцияларға жазылым барысында сатып алушыдан Биржа қабылдаған, өтінімдер тізімі.
2. Осы Ережелерде қолданылған ұғымдар мен қысқартулар, Биржаның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында анықталған ұғымдарға ұқсас.

### 2 бап. Жазылым жүргізудің жалпы параметрлері

1. Биржада айналысқа жіберілген акцияларға қатынасты жазылым жүргізу.
2. Акцияларға жазылым барысында, Биржа акцияларды сатып алушылар арасында үлестіру үдерісіне қатыспайды және осындай үлестіруге жауапты болмайды. Осы Ережелердегі акцияларды үлестіру деп қанағаттандырылатын сатып алушының әр өтінімі бойынша сатушының баға мен акциялар санын белгілеуін түсіну керек. Биржаның міндетіне өтінімдер жинау, қабылданған өтінімдердің тізілімін сатушыға ұсыну, сатушының қанағаттандырылған өтінімдер тізілімі негізінде есеп айырысуды ұйымдастыру.
3. Акцияға жазылым тек акциялардың сатылымына қатынасты және тек бір сатушы болғанда ғана қолданылады.
4. Сатушы ретінде тек "қор нарығының мүшесі" санаты бойынша Биржа мүшесі болып табылатындар ғана құқылы.
5. Акцияға жазылым жүргізілгенде, өтінімдерді қабылдау және қабылданған өтінімдер туралы ақпараттарды қарауды, клиенттік қосымшасы Биржа сайтында орналастырылатын, "Жазылым" атты сауда-саттық жүйесінің арнайы нұсқасы арқылы жүзеге асырылады ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)). "Жазылым" сауда-саттық жүйесіне рұқсаттама алу Сауда-саттық жүйесін пайдаланушыларын сертификаттау ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Өтінімдер қабылдау кезеңі барысында, сатушы сатып алушылардың өтінімдерінің бағасы, көлемі және тіркелген уақыты туралы мәліметтер алып отырады, ал әр бір сатып алушы тек өзінің берген өтінімінің бағасы, көлемі, қосалқы шоты және тіркелу уақыты туралы мәліметтерге қол жеткізе алады.
7. Акцияларға жазылым барысында жасалған мәмілелер бойынша есеп айырысу, Орталық депозитарийдің Ережелер Жинағына сәйкес, Биржа мен Орталық депозитарий арасында жасалған тиісті келісім-шартпен қарастырылған тәртіпте Биржадан келіп түсетін, қаржы құралдарымен жасалған мәмілелерді тіркеуге тиісті бұйрықтар негізінде, Орталық депозитариймен жүзеге асырылады.

Есептесулерді жүзеге асыру үшін, сатушы өтінімде сатылатын акциялардың және оларға төленетін ақшаның Орталық депозитарийде немесе "Қазақстандық банкаралық есеп айырысу орталығы" РМК банкаралық ақша аудару жүйесіндегі (бұдан әрі - БААЖ) сатушының қосалқы шотында және сатып алушының банктік шотына аударылу күні мен уақыты анықталады.
8. Сатып алушы, акцияларға жазылым барысында жасалған мәмілелер бойынша есептесу уақыты басталар алдында, Орталық депозитарий немесе БААЖ банктік шотында, егер өзгесі сатушының өтінішінде көрсетілмесе, Орталық депозитарийдің операциялық регламентін ескере отырып, ақша қаражатының бар болуын қамтамасыз етуге міндетті.
9. Мәмілелер бойынша есептесу жүргізуге бұйрықтарды Биржа Орталық депозитарийге сатушының өтінішінде көрсетілген ддатадан кешіктірмей, бірақ Биржа қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін алғаннан кейін ең көбі 5 (бес) жұмыс күн аралығында жолдауы тиіс.
10. Акцияларға жазылым жүргізу үшін, сатушы Биржаға осы Ережелердің 1 Қосымшасында келтірілген нысанға сәйкес жазылған өтінішін (бұдан әрі - өтініш) Биржаға ұсынып, келесідей мәліметтер мен шарттарын көрсетуі тиіс:
  - 1) эмитенттің және/немесе акциялар иесінің толық атауы;
  - 2) сатылатын акциялар туралы (ҰСН, ISIN);
  - 3) сатылатын акциялар саны;
  - 4) акцияларға жазылым басталу және аяқталу даталары;
  - 5) Биржаның өтінімдер қабылдау кезеңінің басталу және аяқталу даталады;
  - 6) Биржа қабылдаған өтінімдердің тізілімін сатушыға ұсыну датасы (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 7) Биржаға сатушымен қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін ұсыну күні датасы (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 8) есеп айырысуды бастау күні;
  - 9) нарықтық өтінімдерді 0-ден 100 пайызға дейін қанағаттандыру үлесі туралы;
  - 10) өтінімдерді (сатып алудың жалпы көлемі бойынша, өзге көрсеткіштер бойынша) тексеру талаптары туралы;
  - 11) сатып алушының Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шотының деректемелері бойынша қосымша ақпараттар ұсыну туралы;
  - 12) сатушылардың қосалқы шоттарының нөмірлері туралы;
  - 13) Қабылданған өтінімдер тізілімін және қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін шабарманмен алған кезде, сатушының жауапты қызметкері сатушыдан, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

рәсімделген, осындай тізілімдерді қабылдауға және алуға сенімхатын Биржаға ұсынуы тиіс *(осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*;

- 14) осы тізімге өзге мәліметтер, Биржа және Орталық депозитариймен келісе отырып, енгізілуі мүмкін.
11. Өтінішті Биржа, акцияларға жазылым басталудың бірінші күнінен кемінде 10 (он) жұмыс күн бұрын алуы тиіс. Егер акцияларға жазылым, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 08 қыркүйегіндегі № 1027 қаулысымен бекітілген, "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқаст қоры" акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакетін бағалы қағаздар нарығына шығару Бағдарламасы шегінде өткізілсе, Биржаға өтінім беру бойынша, Биржа Басқармасы анықтайтын, арнайы мерзім белгіленеді. Осы өтінішті қарау нәтижесіне қарай, Биржа Басқармасы, өтініш қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күні, Орталық депозитариймен өтініштің мәліметтері мен шарттары бойынша келісе отырып, жазылым өткізу туралы немесе жазылым өткізуден бас тарту туралы, бас тартудың себептері көрсетіліп, шешім қабылдайды. Осындай жазылым өткізу туралы немесе жазылым өткізуден бас тарту туралы шешім қабылданғаннан кейін, келесі жұмыс күннен кешіктірмей, Биржа жазбаша түрде Орталық депозитарийге хабарлайды *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.
- Сатушының өтінішінде көрсетілген параметрлер эмитенттің немесе акциялар иесінің көпшілікке ұсынымындағы параметрлерге сәйкес келмеген жағдайда, Биржа Басқармасы осы жазылымды жүргізуден бас тартуы тиіс.
12. Өтінімдер қабылау сатушы анықтаған кезеңде, өтініште көрсетілген акцияларға жазылым күндеріне қарай, жүзеге асырылады. Бұл ретте өтінімдер қабылау кезеңі акцияға жазылым басталған күннен бастап 40 (қырық) жұмыс күннен аспауы тиіс.
- Өтінімдер қабылдау уақыты Алматы уақытымен сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін белгіленуі мүмкін.
- Биржа Басқармасының шешімімен, сатушының жазбаша өтініші негізінде өтінімдер қабылау мерзімін ең көбі 3 (үш) жұмыс күнге ұзартуға рұқсат етіледі, бұл туралы Биржа Орталық депозитарийге осындай мерзімді ұзарту туралы хабарлайды.
13. Биржа Басқармасы акцияларға жазылым жүргізу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей, Биржа өз сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) жазылым және оның параметрлері туралы ақпараттық хабарлама жариялайды.
14. Сатушы өтінімдер тізілімін алуы және Биржаға қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін беруі электронды түрде, Биржаның ережелерінде анықталайтын форматта ұсынылатын мәліметтердің құпиялығын және түзетілмеуін қамтамасыз ететін, ақпараттарды криптографиялық қорғау құралдарымен жеткізудің көліктік жүйесін (бұдан әрі - көліктік жүйе) пайдалану арқылы жүзеге асырылуы тиіс.
15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылдың 08 қыркүйегіндегі № 1027 қаулысымен бекітілген, бағалы қағаздар нарығында "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамының еншілес және тәуелді ұйымдарының акциялар пакетін сату Бағдарламасын жүзеге асыру шегінде, "Самұрық-Қазына" Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ бастамасымен, сатушының және Орталық депозитарийдің жазбаша келісімімен, Биржа Басқармасы Ережелерде белгіленген мерзімдерді, сатып алушылардан өтінімдер қабылдау, қабылданған өтінімдердің тізілімі мен қанағаттандырылған өтінімдер тізілімі, сондай-ақ есеп айырысу мерзімдері бөлігінде, өзгертуге құқылы *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 21 қарашасындағы шешімімен енгізілген)*..

## 2 тарау. ӨТІНІМДЕР БЕРУ ЖӘНЕ ЕСЕП АЙЫРЫСУ

### 3 бап. Өтінімдер қабылдау кезеңі

1. Өтінімдер қабылдау кезеңі басталысымен сатып алушылар дербес түрде анықталған бағалар немесе сатушы белгілеген баға бойынша шектелімді өтінімдер және/немесе сатушының өтінішіне сәйкес нарықтық өтінімдер беру құқығына ие болады.

Растау жүйесіне қатысушылар бақылайтын, сауда-саттық шоттарын пайдаланумен, "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде тіркелген өтінімдер, осы қатысушылардың растауын немесе растаудан бас тартуын талап етуге жатады. Растау жүйесінің қатысушылары Биржаға, Растау жүйесіне қатысушылар бақылайтын, сауда-саттық шоттарын пайдаланумен тіркелген, өтінімдерді растау немесе растаудан бас тартуларын Алматы уақытымен сағат 17.30-дан кешіктірмей жүзеге асыруы тиіс. Растау жүйесіне қатысушылар бақылайтын, сауда-саттық шоттарын пайдаланумен, "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде тіркелген және Растай жүйесінің қатысушыларымен Алматы уақытымен сағат 17.30-ға дейін расталмаған өтінімдер, Биржамен қабылданбаған деп мойындалып, Биржамен жойылады

*(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген);*

2. Сатушының өтінішінде белгіленген шарттарына сәйкес, әр қосалқы шот бойынша сатып алушылардың берген өтінімі бойынша мынадай ақпараттарды ашу талап етілсе:

- 1) заңды тұлға үшін – заңды тұлғаның атауы;  
жеке тұлға үшін – тегі, аты, бар болса - әкесінің аты;
- 2) СТН немесе сәйкестендіру нөмірі;
- 3) резиденттік белгісі;
- 4) заңды тұлға үшін – заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуін ратсайтын құжаттарының деректемелері (нөмірі, берілген датасы, құжатты берген орган);  
жеке тұлға үшін – жеке куәлік (нөмірі, берілген датасы, құжатты берген орган);
- 5) заңды тұлға үшін – орналасқан жері (заңды және нақты мекен-жайлары) – заңды тұлға үшін;  
жеке тұлға үшін – заңды және нақты тұратын жері;
- 6) бағалы қағаздар нарығында құпия болып саналмайтын, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде бар болатын, өзге де мәліметтер туралы ақпараттарды ашу талап етілсе,

сатып алушы өтінім бергенде, Орталық депозитарийдің Биржаға, Биржаның сатушыға және эмитентке осындай ақпараттардың ашуына өзінің сөзсіз келісімін білдіреді, сондай-ақ осындай ақпараттардың ашылуына өз клиенттерінің барлы қажетті келісімдерін тиісті түрде алғатын растайды.

*(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

3. Егер сатушының өтінішінде белгіленген, акцияларға жазылым жүргізудің шарттары сатушының талаптарына берілген өтінімдердің сәйкестігін тексеруді қарастырған жағдайда, осындай өтінімдер "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде тіркелгеннен соң, Орталық депозитарийдің Ержелер Жинағына сәйкес тексеру жүргізу үшін, Орталық депозитарийге жолданады,

осындай өтінімге тиісті Орталық депозитарийден есеп күту мәртебесі беріледі.

Растау жүйесіне қатысушылар бақылайтын, сауда-саттық шоттарын пайдаланумен, "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде тіркелген өтінімдер, Орталық депозитарийге тек Растау Жүйесіне қатысушылары оларды растағаннан кейін ғана жолданады. Растау жүйесіне қатысушылары растамаған өтінімдер, Орталық депозитарийге жолданбайды.

Орталық депозитарий Биржадан өтінім алғаннан кейін Орталық депозитарийдің Ережелер Жинағына сәйкес тексеру жүргізеді. Егер берілген өтінім сатушының өтінішінде көрсетілген талаптарға сай болған жағдайда, Орталық депозитарий Биржаға аталмыш өтінімнің осы талаптарға сәйкестігі туралы есеп береді, бұдан кейін "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде осы өтінім қабылданған болып тіркеледі. Егер өтінім сатушының өтінішінде көрсетілген талаптарға сай болмаған жағдайда, Орталық депозитарий Биржаға аталмыш өтінімнің осы талаптарға сәйкессіздігі туралы есеп береді. Осындай өтінім жойылып, "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде – "Қабылданбаған" мәртебесіне иеленеді. Сатытушының өтінішінде көрсетілген талаптарға толық сай болмауы немесе жартылай сай болмауы жағдайындағы осындай өтінім қабылданбайды.

*(Осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

4. Сатушының өтінішінде көрсетілген акцияларға жазылым жүргізудің талаптары өтінімдердің сатушының талаптарына сәйкестікке тексеру қарастырылмаған болса, берілген өтінімдер "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде активті мәртебемен тіркеліп, осы баптың 3 тармағында анықталған, Орталық депозитарийдің тексеруіне жіберілмейді *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*
5. Өтінімдер қабылдау кезеңі барысында сатушы алдында берілген өтінімдерді алып тастай алады. Сатушының өтінішінде көрсетілген тексеру болған жағдайда, Биржа Орталық депозитарийге осындай өтінімдердің сатып алушымен жойылғаны туралы хабарлайды *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*
6. Биржа Орталық депозитарийге жолдаған өтінімдер, өтінімнің сатушының өтінішіндегі талаптарға сәйкестігі немесе сәйкессіздігі туралы Орталық депозитарийдің Биржаға жолдайтын хабарламасы, сондай-ақ саып алушылардың Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоттарының деректемелері туралы ақпараттық хабарламалар, Орталық депозитарийге де, Биржаға да электронды құжаттар түрінде беріледі. Биржа мен Орталық депозитарийдің арасындағы электрондық құжаттармен алмасу, сондай-ақ осындай құжаттарды ұсыну үшін пайдаланатын байланыс арналары, Орталық депозитарий мен Биржа арасында жасалатын қызмет көрсету туралы келісім-шартта белгіленеді.

#### 4 бап.

#### Өтінімдер қабылдау кезеңінің аяқталуы

1. Биржаның өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталғаннан соң, сатып алушылар берілген өтінімдерді жоя ("Жазылым" сауда-саттық жүйесінен алып тастай) алмайды.
2. Егер сатып алушылар бірде бір өтінім бермесе, аакцияларға жазылым іске аспады деп мойындалады және жарияланады.
3. Өтінімдер қабылдау кезеңі аяқталғаннан соң, Биржа қабылданған өтінімдердің тізілімін қалыптастырып, Ережелердің 2 Қосымшасына сәйкес, xml/xls/mdb форматында, мынадай ақпараттарды қосып:
  - 1) өтінімнің нөмірі, өтінім берудің күні мен уақыты, бағасы, акциялар саны, өтінім көлемі туралы мәліметтерді қамтитын ақпараттізім;

- 2) сатушы өтінімді қанағаттандырған жағдайда толтыруға арналған, бағаны және қанағаттандыруға жататын санын көрсетуге арналған өрістер;

Өтінімдерді қабылдау кезеңі аяқталу датасынан кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірмей сатушыға ұсынады.

4. Сатушы өтінімдерді қабылдау тізілімінің баға және қанағаттандыруға жататын санын белгілейтін өрістерінен басқа өрістерін өзгеріссіз қалдыруға міндетті.
5. Егер сатушының өтінішінде Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде қосалқы шоттың деректемелері бойынша қосымша ақпараттарды ұсыну қарастырылған болса, қабылданған өтінімдердің тізілімінде Ережелердің 3 бабының 2 тармағында белгіленген ақпараттар берілген өрістер қосылады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген*).
6. Транспорттық жүйе арқылы, Биржа сатушыға қабылданған өтінімдердің тізілімін xml/xls/mdb форматында ұсынады.
7. Қабылданған өтінімдердің тізілімінде көрсетілген ақпараттар құпия болып саналып, тек сатушы мен эмитентке ғана арналады, олар осы ақпараттардың ашылуына және осындай ақпараттардың ашылуынан мүмкін болатын кез келген салдарына дербес түрде жауапты болады (*осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген*).
8. Егер, сатушының өтінішінде көрсетілген, акцияларға жазылым жүргізудің шарттары бойынша, Биржа мен сатушының алдында, 3 баптың 2 тармағында көрсетілген, сатып алушылардың қосалқы шоттарының деректемелері туралы ақпараттарды ашу талап етілсе, қабылданған өтінімдердің тізілімі қалыптастырылғанда Биржаның сауалы бойынша Орталық депозитарий электрондық құжаттармен алмасуға арналған байланыс арналары арқылы Биржаға осындай ақпараттарды ұсынады.
9. Сатушы қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін Ережелердің 3 Қосымшасына сәйкес қалыптастырады. Сатушы берілген өтінімдердің кез келгенін толық немесе жартылай қанағаттандыруға құқылы. Бұл үшін сатушы әр өтінім бойынша қанағаттандырылған өтінімдердің ақпараттарында қанағаттандыру бағасы (егер жазылым бағалы қағаздардың қайталама нарығында жүргізілсе) және/немесе қанағаттандырылатын акциялар санын енгізуі тиіс.
10. Акцияларға жазылым жүргізу туралы өтініште көрсетілген, мерзімнен кешіктірмей, бірақ қабылданған өтінімдер тізілімі алғаннан күннен 5 (бес) жұмыс күннен асырмай, сатушы транспорттық жүйе арқылы Биржаға қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін xml/xls/mdb форматында ұсынады немесе Биржаға жазбаша түрде жазылым өткізуден бас тарту туралы, бас тартудың себептері көрсетіп, хабарлайды. Сатушыдан қабылдаған жазбаша түрдегі хабарламасының негізінде, Биржа Орталық депозитарийге жазылым өткізуден бас тарту туралы мәлімдейді.
11. Сатушының Биржа қабылдаған өтінімдерін қанағаттандырудан бас тартуы осы өтінімдер бойынша мәміле жасасуға мүлде келіспеуін білдіреді.
12. Сатушыдан қабылданған қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін Биржа, қанағаттандырылған өтінімдер тізілімі қалыптастырылғаннан кейін, қабылданған өтінімдердің параметрлеріне енгізілген немесе жойылған әліметтердің бар-жоғын тексереді.
13. Бастапқы мәліметтер мен сатушыдан қабылдаған мәліметтердің сәйкес болмауын Биржа анықтаған немесе қабылданған файлдың зақымдалуы (файлдың тиісті түрде өңдеу мүмкіндігінің жоқтығы) жағдайында, Биржа осы туралы сатушыға хабарлайды, содан кейін сатушы қателерді немесе зақымдалуларды келесі жұмыс күннен кешіктірмей жойып, Биржаға



қанағаттандырылған өтінімдердің тізілімінің түзетілген файлын ұсынуы тиіс. Егер Биржа қанағаттандырылған өтінімдер тізілімінің түзетілген файлын алмаса, осындай тізілімнің ұсынылған күнінен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, Биржа акцияларға жазылымды іске аспады деп жариялап, осы туралы Орталық депозитарийге мәлімдейді.

## 5 бап.

### Есеп айырысу

1. Сатушы есеп айырысу басталар күніне дейін Орталық депозитарийдегі тиісті қосалқы шотында акциялардың қажетті санының болуын қамтамасыз етіп, Биржаға растау ретінде сатушының Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесіндегі қосалқы шоты бойынша жеке шотынан үзінді көшірмесін ұсынуы тиіс.
2. Бағалы қағаздар нарығында есеп айырысу аяқталғаннан соң, Биржа қанағаттандырылған өтінімдер тізіліміне сәйкес "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелердің параметрлерін анықтайды. Орталық депозитариймен келісілгеннен кейін, Биржа мәмілелерді тіркеуге бұйрықтар ақпаратізімін құрастырады да, Орталық депозитарийге есеп айырысуды жүзеге асыру үшін жолдайды. Сатып алушылар есеп айырысулар басталар алдында Орталық депозитарийде немесе БААЖ жүйесіндегі өздерінің банктік шоттарында ақшалардың бар болуын қамтамасыз етуі тиіс.
3. Сатушы дербес түрде есеп айырысуы кейінге қалдырылған мәмілелерді белгілеуге құқылы, ол үшін "Жазылым" сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелерге – "кейінге қалдырылған есептесулер" арнайы белгісін қояды. Аталмыш белгісі бар мәмілелер Орталық депозитарийге есеп айырысу жүргізілетін күні, бірақ есеп айырысуға берілген соңғы күнін қоспағанда, есептесу үшін жолданады.
4. Орталық депозитарийде немесе БААЖ жүйесінде сатып алушылардың ашқан банктік шоттарында, сатып алушының осы күні есеп айырысатын барлық мәмілелері бойынша есептесуге қажетті ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Орталық депозитарий осы сатып алушының осы күндегі мәмілелерінің барлығы бойынша есеп айырысу жүргізуден бас тартып, Биржаға осындай мәмілелер бойынша тиісті жауап жолдайды.

Сатып алушының банктік шотындағы ақшаның жетіспеушілігіне байланысты кейінге қалдырылған мәмілелер бойынша қайталап есептесу жүргізуге бұйрықты Биржа Орталық депозитарийге тек Орталық депозитарий осындай мәмілелерді қабылданбаған күннен кейінгі келесі жұмыс күні ғана ұсына алады. Қайталап есептесу процедурасы есеп айырысулар басталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күн аралығында ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Есептесуге берілген үш жұмыс күннің соңғы күні Биржа барлық есептеспеген мәмілелердің барлығын, "кейінге қалдырылған" белгісінің бар-жоғына қарамастан, Орталық депозитарийге есептесуге жібереді *(осы абзац Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

5. Белгіленген мерзімде, Орталық депозитарий немесе БААЖ жүйесінде ашылған банктік шотта ақша болмауы себебінен, есептесуі жүзеге асырылмаған барлық мәмілелер орындалмаған болып мойындалып, осындай мәміле жасасқан сатып алушыға сатушының пайдасына орындалмаған мәмілелердің жалпы көлемінен 0,1% мөлшерде, Ережелердің 7 тармағымен қарастырылған тәртіпте, айыппұл салынады *(осы тармақ Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген)*.

## 6 бап.

### Сауда-саттықтан кейінгі процедуралар

1. Барлық есеп айырысулар жүзеге асырылғаннан соң, Биржа келесі жұмыс күннен кешіктірмей сатушы мен сатып алушыларға биржалық куәліктер қалыптастырып, жолдайды.

2. Акцияларға жазылымға қатысушыларға биржалық куәліктер жолданған күні Биржа өз сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) келесідей параметрлерді көрсетіп, өткізілген акцияларға жазылым қорытындылары туралы хабарлайды:
  - 1) сатылатын акциялардың жалпы саны және/немесе көлемі;
  - 2) бір акцияның бағасы;
  - 3) Биржа "Жазылым" сауда-саттық жүйесі арқылы қабылдаған өтінімдердің саны;
  - 4) Биржа "Жазылым" сауда-саттық жүйесі арқылы қабылдаған өтінімдердің жалпы көлемі;
  - 5) "Жазылым" сауда-саттық жүйесі арқылы жасалған мәмілелердің саны (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген*);
  - 6) "Жазылым" сауда-саттық жүйесі арқылы жасалған мәмілелердің жалпы көлемі (*осы тармақша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген*).
3. Егер акцияларға жазылым іске аспады деп мойындалса, Биржа өз сайтында ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) тиісті хабарламаны жариялайды.

### **3 тарау. ЖАЗЫЛЫМҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ӨЗ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІН ОРЫНДАМАҒАНЫ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

#### **7 бап.**

#### **Міндеттемелерді орындамаушылықтың салдары**

1. Акцияларға жазылым жүргізгенде жасалған мәміле бойынша өз міндеттемелерді сатушы орындамаған жағдайда, осындай мәміле орындалмаған болып мойындалып, орындалмаған мәміленің осы тарапына контрагентке 3 (үш) жұмыс күн аралығында, Биржаның банктік шоты арқылы, орындалмаған мәміленің сомасынан 0,1 % көлемінде тұрақсыздық төлемін өтеу міндеттемесі жүктеледі.

Акцияларға жазылым жүргізгенде жасалған мәміле бойынша өз міндеттемелерді сатып алушы орындамаған жағдайда, осындай мәміле орындалмаған болып мойындалып, орындалмаған мәміленің осы тарапына контрагентке 3 (үш) жұмыс күн аралығында, Биржаның банктік шоты арқылы, орындалмаған мәміленің сомасынан 0,1 % көлемінде тұрақсыздық төлемін өтеу міндеттемесі жүктеледі.

2. Мәміле жасасу бойынша міндеттемелерді орындамаған тараптың Биржаның банктік шотына аударған тұрақсыздық төлемін Биржа орындалмаған мәміленің контрагентінің Орталық депозитарийдегі банктік шотына 3 (үш) жұмыс күн аралығында аударады.
3. Биржа, міндеттемелерді орындамаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күн аралығында өз міндеттемелерін орындамаған тарапқа қатынасты Биржаның ішкі құжаттарында қарастырылған ықпалшараларын қолданады.

### **4 тарау. КОМИССИЯЛЫҚ АЛЫМДАРДЫ ТӨЛЕУ**

*(Осы тарау Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен алып тасталған).*

Президент

Қ.Қ.Дамитов

*(Осы қосымша Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген).*

## Ө Т І Н І Ш

(Биржаның қор нарығының мүшесінің толық атауы) өзінің акцияларына төменде берілген параметрлер бойынша жазылым ұйымдастыруды сұрайды:

- 1) акциялар эмитентінің толық атауы;
- 2) акциялардың атауы;
- 3) акциялардың ҰСН және ISIN (бар болса);
- 4) сатылатын акциялардың саны;
- 5) бір акцияның бағасы (сатушының немесе эмитенттің қалауы бойынша);
- 6) акциялар сатушысының қосалқы шотының нөмірі;
- 7) өтінім берудің әдісі;
- 8) нарықтық өтінімдерді қанағаттандыру пайызы;
- 9) өтінімдер қабылдауды бастау датасы;
- 10) өтінімдер қабылдауды аяқтау датасы;
- 11) өтінімдер қабылдауды бастау уақыты;
- 12) өтінімдер қабылдауды аяқтау уақыты;
- 13) қабылданған өтінімдердің тізілімін ұсыну датасы;
- 14) қанағаттандырылған өтінімдер тізілімін ұсыну датасы;
- 15) есептесуді бастау датасы;
- 16) акциялар сатушысының жеке қосалқы шотында сатылатын акциялардың бар болу датасы мен уақыты;
- 17) есептесу жүргізудің параметрлері;
- 18) тексеру критерийлерін көрсетумен, өтінімдерді тексеру қажеттілігі туралы мәліметтер;
- 19) қабылданған өтінімдер тізіліміне сатып алушылардың қосалқы шоттарының деректемелері бойынша қосымша ақпараттарды ұсынуға сауал;
- 20) сатушының жауапты қызметкері (тегі, аты, бар болса – әкесінің аты, электрондық мекенжайы, жұмыс және ұялы телефондары, факсі).

Бірінші жетекші

м.о.

Акцияларға жазылым  
жүргізудің ережелеріне

2 Қосымша

## ҚАБЫЛДАҢҒАН ӨТІНІМДЕРДІҢ ТІЗІЛІМІ

№	Өтінім нөмірі	Өтінімнің датасы мен уақыты	Бағасы	саны	Көлемі	Бағасы (нақты)*	Саны (нақты)*	Көлемі (нақты)*	Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты/заңды тұлғаның атауы ** <i>(осы бағанның тақырыптамасы Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген)</i>	СТН/ЖСН**	Резиденттіктің белгісі **	Құжаттың тұрпаты, нөмірі, берілген күні, берген орган ** <i>(осы бағанның тақырыптамасы Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген)</i>	Заңды немесе жеке тұлғаның мекенжайы **
1													
	Итого												

\* бұл өрістерді өтінімді қанағаттандыру үшін сатушы толтырады

\*\* бұл өрістер, осындай шарттарды сатушы өз өтінішінде көрсеткенде ғана, тізілімге қосылады

Акцияларға жазылым  
жүргізудің ережелеріне

3 Қосымша

## ҚАНАҒАТТАНДЫРЫЛҒАН ӨТІНІМДЕРДІҢ ТІЗІЛІМІ

№	Өтінім нөмірі	Тінімнің датасы мен уақыты	Бағасы	Саны	Көлемі	Бағасы (нақты)*	Саны (нақты)*	Көлемі (нақты)*	Тегі, аты, бар болса - әкесінің аты/заңды тұлғаның атауы ** <i>(осы бағанның тақырыптамасы Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген)</i>	СТН/ЖСН*	Резиденттіктің белгісі**	Құжаттың түрпаты, нөмірі, берілген күні, берген орган ** <i>(осы бағанның тақырыптамасы Биржалық кеңестің 2012 жылдың 25 қазанындағы шешімімен өзгертілген)**</i>	Заңды немесе жеке тұлғаның мекен-жайы **
1													
	Барлығы												